Сейсенқұл Өміржанның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» атты докторлық диссертациялық жұмысына шетелдік ғалымның ресми жазбаша

ПІКІРІ

Сейсенқұл Өміржан «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» атты докторлық диссертациялық жұмысы төрт тараудан тұрады. Әр тарауда екі тарауша бар, жалпы көлемі – 129 бет.

Күн өткен сайын ғасырлар қойнауында шаң басқан рухани, мәдени мұралардан қаншалықты алыстасақ та, түркі халқының сол асыл қазыналарын жан-жақты тексеріп, ғылыми талдау жасау, зерттеу жүргізу ісі бір сәтке толастаған емес. Әсіресе, соңғы жылдары Абайтану ғылымында да уақыт талабынан шешімін күткен күрделі мәселелер алға қойылуда. Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен, қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді.

Докторлық диссертация талаптары деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Зерттеу теориялық, әдіснамалық негізделген және диссертациялық жұмыстың ішкі біртұтастығы мен зерттелген қоғамдық құбылыстардың логикалық жүйелілігі, ғылыми аппараттың талапқа сай орындалуы, теориялық болжам мен оның дәлелденуі толық қамтамасыз етілген.

«Қазақ әдебиетінің ҚХР-дағы аударылу тарихы» атты тараушада ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің таралуының ұлтаралық, тіларалық және мәдениетаралық сипаттары жөнінде баяндайды. Шетел әдебиетін аудару, басқа халықтың рухани байлығынан нәр алу болып табылады. Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуларды көрсете алады. Сондай-ақ, ол салыстырмалы әдебиеттің құндылығын көрсетеді.

Абай шығармаларын зерттеушілердің еңбектеріне арнайы тоқталып, қандай баспадан және Абай шығармаларының жарық көруі туралы деректерді молынан қарастырады. Мәселен, Мұхтарқан Оразбайұлы құрастырған «Абайдың қара сөздері» атты кітап 1986 жылы Бейжіндегі орталық ұлттар баспасынан шықты. Мұхтарқан Оразбайұлының құрастыруымен жарық көрген бұл жинақта Абайдың 45 қарасөзі және Абайдың өмірі мен қарасөздері туралы жазылған бірнеше зерттеу еңбегі қоса берілген. Атап айтқанда, жинаққа Т.Әлімқұловтың «Абай», Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қарасөздері» атты зерттеу еңбектері және «Қазақ совет энциклопедиясындағы», «Абай» тараушасы енгізілген. Ал Абайдың қарасөздері 1956 жылы Алматыдағы «Жаңа өмір» журналының баспасынан шыққан ақын шығармаларының толық жинағы негізінде алынған.

Зерттеуде қарастырылатын, пайымдалатын ғылыми болжамдар туралы ғалымдар пікірлерімен келісе отырып, тұжырымды түйіндемелер жасалынады.

Докторант жүйелілік, тарихи салыстырмалы талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау әдістерін орынды қолданып, зерттеу барысында алған тұжырымдарын дұрыс негіздеген.

Диссертацияда докторант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым, қорытындының жаңалық деңгейі.

– Қазақ руханияттың өрлеуіне үлес қосқан Абай руханияттық мұрасының зерттелуіне талдау жасалады;

– Абай даналық танымының ұлттық рухани ой сана дамуына тигізген асері мен көшбасшылық ролі анықталады;

– Абай мұрасының ұлт қабілеттілігін арттырудағы рөлі анықталады;

– Абай мұрасының Қытайдағы өзге ұлттар тіліне аударылуы қарастырылады;

– Абай мұрасы арқылы екі ел қазақтарының тарихи тамырластығы айқындалады;

– Абай мұрасының Қытай қазақтарына алғашқы жету жолдары айқындалады;

– Абай мұрасы екі елдегі қазақтың рухани-мәдени сабақтастығының негізгі тірегі екені айқындалады;

– Абай мұрасының Қытайда алғаш рет баспасөз беттерінде жарық көру жолдары анықталады;

– Абай мұрасының Қытайда зерттелуі туралы ғалымдардың еңбектері сараланады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

Зерттеудің негізінде әдеби-мәдени, әлеуметтік-мәдени, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық саяси зерттеу әдістері алынды. Тақырыпты тереңдей қарастырып таңдауға ғылым аралық байланыс әдісі қолданылды.

– Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмір жолын қытайдағы зерттеушілердің, зерттеулердің негізіндегі тың деректермен толықтырылды.

– Абай шығармаларының Қытайдағы таралу, нәсихатталу жолдарын айқындалды.

– Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруінің бастау көзі мен жарық көру кезеңдерінің ерекшеліктері сараланды.

– Абай шығармашылығындағы табиелік, тағылымдықАбайдың адам тәрбиелеу ісі, мәдени-рухани ағартушылық идеяларының сипаттары анықталды.

– Қытайдағы Абайтанушылардың зерттеу еңбектерінің ғылыми мәні мен маңызы зерделенді.

Мәселен, 1987 жылы Бейжіңдегі Орталық ұлттар баспасынан Қабай. Абай және Абай шығармалары атты көлемді еңбек жарық көрді. Кітапта Шынжаңдық аудармашы Қабайдың (Ха Хуанжан) Абай шығармашылығы туралы Қытай тілінде жазған зерттеу еңбектерін аудармашы, әдебиеттанушы Қ.Мұқанұлы қазақ тіліне аударған. Кітап мазмұны «Абай және оның

өлеңдері», «Абайдың поэтикасы», «Абайдың философиялық өлеңдері», «Абайдың аударма өлеңдері», «Абайдың Мақсұт және басқа поэмалары туралы», «Ғақлия» туралы алғашқы толғаныс», «Абайдың діни көзқарасы», «Абайдың қазақ мақал-мәтелдері туралы пікірлері», «Абайдың туғанына 140 жыл толуына орай», «Абай туралы зерттеулер», және «Абайтану туралы» деген 11 тараудан құралған.

«Абай парасаты» атты зерттеу мақалалары кітабында: «Қытай халық республикасының жер-жерінде зерттеу мақалалар Абай туралы жазылып, ғылыми талқы, лекция оқу ұйымдастырылды. Абай шығармалары Қытай қатарлы туысқан ұлттар тіліне аударылды» деген мәліметтер берілген. «Абай парасаты» – Абай шығармаларының Қытай қазақтарына қалай таралғандығы жайында жүйелі сыр шертеді.

Мұхтар Әуезовтың «Абайтану мәселелері» атты еңбегі 1993 жылы Үрімжідегі Шынжаң халық баспасынан жарық көрді. Аудармашы, әдебиеттанушы Әбділдәбек Ақыштайұлы баспаға дайындаған бұл кітапқа академик, жазушы М.Әуезовтың Абайдың өмірі мен шығармаларына қатысты әр жылдары жазған зерттеу мақалалары топтастырылған. Әбділдәбек Ақыштайұлының «Абай туралы естеліктер» атты еңбегі 1995 жылы Үрімжідегі Шынжаң халық баспасынан шыққандығы туралы нақты деректер келтіреді.

Докторлық диссертацияның негізгі ой-тұжырымдарын «Қазақ әдебиетінің тарихы», «XIX ғасыр әдебиеті», «Абайтану» пәндерінің дәріс, практикалық сабақтарында, сондай-ақ арнайы курс, арнайы семинарларда қолдануға болады.

Докторлық диссертация мазмұнында стилистикалық, грамматикалық қателер кездеседі, кейбір мәселелерді автордың жалпылама сипаттаумен шектелгені байқалады. Бірақ аталған кемшіліктер тұтасымен алғанда докторанттың ғылыми зерттеу жұмысының теориялық және практикалық нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Сондықтан Сейсенқұл Өміржанға «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Пікір білдіруші:
Эге университетінің профессоры,
доктор Метин Экижи